

АҚТОҒАЙ АЖАРЫ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№22 (7859)

Жұма

3 маусым
2022 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан
shyğady

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің күні



Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаныңызды 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Санамызға тәуелсіздік идеясын орнықтырып, патриотизмді қалыптастыруда, ұлттық бірлікті нығайтуда ерекше мәнге ие Мемлекеттік рәміздерімізге биыл – 30 жыл Мемлекеттік рәміздер – біздің сонау ғасырлар қойнауынан сыр шертер тағлымды тарихымыздың шынайы көрінісі. Оның мазмұнды нышандары кешегі өткенімізді айшықтап, ертеңгі мақсатымызды айқындап тұр. Рәміздердегі нышандар арқылы ұлтымыздың әлем алдындағы бейнесі қалыптасады. Сондықтан да, бұл күн барша қазақстандықтар үшін патриоттық пен намыстың мерекесі!

Біздің рәміздерге деген құрмет – азаматтардың өз елінің азаматы екендіктерін қаншалықты деңгейде түйсінуінің, ел болашағына деген сенім мен сүйіспеншілік сезімдерінің өлшемі. Себебі, Ту, Елтаңба және Әнұран өз мемлекеттілігін ғасырлар бойы аңсаған азат ұлттың орындалған арманының белгісі. Түптеп келгенде, Отанның өзі нақ осы Тудан, Елтаңба және Әнұраннан бастау алады. Оларды жүрегіне басып, маңдайына тигізіп, қадірлеу арқылы егемен елдің еңсесі биік азаматтары қалыптасады. Сондықтан да, әрбір азаматтың жүрегіне елжандылықты дарытуда мемлекеттік рәміздердің маңызы зор, орны айрықша.

Тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен бастап еліміз өз алдына тәуелсіз мемлекет болумен қатар, тұғыры биік Туымызбен, елдің тарихы мен құндылығын әлемге танытар Елтаңбамызбен және елдің рухын көтеретін Мемлекеттік Әнұранымызбен айбынды ел бола білдік. Бүгінде мемлекеттік нышандарымыз еліміздің басты символдарына айналып, көк байрағымыз Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропалық Қауіпсіздік Ұйымына қатысты халықаралық беделді ұйымдарда желбіреп, дүниежүзілік олимпиадалық ойындарда қазақстандық спортшылар жеңіске жеткен кезде Туымыз көтеріліп, Әнұранымыз шырқалады. Мұндай тарихи сәттерге өздеріңіз үнемі куә болып жүрсіздер. Қадірлі ағайын!

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болу үшін біз өз елімізді, туған жеріміз бен Отанымызды ардақ тұтуымыз қажет. Оның ең алғашқы қадамы мемлекеттік рәміздерді құрметтеуден басталады. Тәуелсіздігіміздің тұмарына айналған мемлекеттік рәміздеріміз болашаққа бастаған ұлы көшімізді демеп, игі істерімізді қолдай берсін! Бірлігіміз жарасып, еліміздің жарқын болашаққа бастар жолында нық қадам жасап, ынтымағы жарасқан ел болайық! Әрдайым еліміз тыныш, халқымыз аман, рәміздеріміздің мәртебесі биік болсын!

Аудан әкімі
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы
Р.Әбеуов

Аудан өмірінің айнасы

АҚТОҒАЙ АЖАРЫ

Ақтоғай аудандық
«Aktogai ajary» газетіне 2022 жылдың екінші
жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр.

Газетке 6 айға жазылу бағасы:

**Жеке жазылушылар үшін – 1957,60 теңге;
мекеме, ұжымдар үшін – 2457,60 теңге.**

Аудан өмірінің айнасы, төл газетіңізбен алдағы уақыттарда
да бірге болыңыз, ағайын!

**Газетке «Қазпоштаның» аудандық, ауылдық
бөлімшелері арқылы
жазылуға болады.**

Жолдау мұраты – ел мүддесі

САЯСИ ЖАНҒЫРУҒА БАСТАУ

Президенттің жаңа Жолдауы шынайы саяси жанғыру мен кешенді реформаларға бастау боларлық тарихи маңызға ие. Бұл Жолдауда қазақстандық қоғамды толғандырып жүрген өзекті мәселелердің нақты шешімі табылғаны, көкейкесті сұрақтарға жүйелі жауаптар берілгені, халықтың талап-тілектері барынша ескерілгені анық байқалып тұр.

Президент ұсынысымен Парламент Мәжілісінің үштен бір бөлігінің мажоритарлық сайлау жүйесі бойынша сайлануы азаматтардың бәсең сайлау құқығын жүзеге асыруға жол ашып, сайланбалы органдарға өзін-өзі ұсынуына кең мүмкіндіктер ашады. Парламент Сенатындағы президенттік квотаның 15-тен 10-ға дейін қысқаруы, оның бесеуі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынуымен жүзеге асуы Президенттің заң шығарушы органға ықпалын азайтады. Сондай-ақ, Президент Қ.Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің орнына Ұлттық құрылтай құруды ұсынды. Ұлттық құрылтай қоғамдық диалогтың институционалды моделін қалыптастырып, халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналады. Мемлекеттік-әкімшілік аумақтық басқаруды оңтайландыру мақсатында

Мемлекет басшысы Абай, Ұлытау және Жетісу облыстарын құру туралы тарихи маңызы бар саяси шешім қабылдады. Абай облысының орталығы – Семей қаласы, Ұлытау облысының орталығы – Жезқазған қаласы, Жетісу облысының орталығы – Талдықорған қаласы болып анықталуы дүйім жұрттың қолдауына ие болып, қуанышты хабар ауыл-аймаққа лезде таралды. Бұрын шалғай аудандарда мекендейтін халық үшін облыс орталықтарының алыста орналасуы жол-көлік қатынасын қиындатып келген еді. Енді бұл мәселе де оңтайлы шешімін тапты, халықтың талап-тілегі ескеріліп, армандары жүзеге асып жатыр. Президенттің биылғы Жолдауын халқымыз үлкен үмітпен күтті, жаңа Жолдауда халықтың мұң-мұқтажы естіліп, талап-тілектері ескеріліп, биліктен күткен үкілі үміті ақталып отыр. Ендігі мақсат – бүкіл ел болып жұмылып, жасампаз Жолдауда көтерілген игі бастамаларды іске асыру.

А.Бегдербекова,

Ә.Ермеков атындағы жалпы білім беретін орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

КҮМӘН СЕЙІЛДІ, ҮМІТ АРТТЫ

Президент Қ.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан құрамыз» деген саяси бағытынан халық үлкен үмітті. Сең қозғалды. Конституциямызға жаңаша сипаттағы өзгеріс пен

Қазақстаннан үлкен реформалық өзгеріс күтіп отыр.

Міне, осы болашаққа зор сенім мен үміт артып отырған Ақтоғай халқымен маусымның 1-і күні ҚР



түзетулер енді. Міне, сол өзгерген, түзетілген заң халықтың талқысына ұсынылып, референдум өткелі жатыр. Халық жең ұшынан жалғасқан жемқорлық пен «бармақ басты, көз қысты» сыбайластықтан өбден жалыққан. Ел Жаңа

Парламенті Мәжілісінің депутаты, белгілі айттыскер ақын Аманжол Әлтаев кездесті.

Аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында жергілікті қоғамдық

(Жалғасы 2-бетте).

Кешегі күн – бүгінгі тарих



«Мың өліп, мың тірілген» қазақтың бір ғана жүз жылдықта тартпаған мехнаты, көрмеген құқайы бар ма?! Қатпары қалың тарихта қазақтың кеткен есесі қаншама. Ғұмыр ғұмырында тұрмысына талиық етіп келе жатқан төрт түліктен тігерге тұяқ қалдырмай сытырып алып, қолдан жасаған ашаршылықтың салдарынан қаншама отандасымыз бас сауғалап, іргелес елдерге қоныс аударып, жұдырықтай тастүйін еліміз тарыдай шашылып кете барды. Арада аттай жиырма жыл отер-отпестен қазақтың кіл сүт бетіндегі қаймағын, көкірегі ояу, көзі қарақты зиялыларын оққа байлады. Кейін келе екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда, қазақтың еркек кіндікті азаматтарын көгендеген қозыдай майдан даласына аттандырып жіберді. Мұның барлығы қызыл империяның шылауында жүргенде көрген «тар жол тайғақ кешуіміз».

қауым аудандық кітапханаға бет бұрып, тұсауын кескен үр жаңа кітаптың күәсі болды. Аудандық кітапхана қоры оқырмандарға рухани азық беретін тағы бір кітаппен толықты. Ол – «Ақтоғайлық

нәтижесінде осы өңірдің тұрғындары жан сақтап, аман қалған. Әбду Жүнісұлы ҚазОАК-тің мүшелігіне сайланып, 1935 жылы аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып



ағайынды Жүнісовтер» кітабы. Ағайынды Әбду және Әбдіғұл Жүнісовтердің есімін білмейтін ел аудан төңірегінде кемде-кем шығар. Әбду Жүнісов Қоңырат ауданы бойынша ең алғашқы «Оян» серіктігін (кейін Киров ұжымшары)

сайланған. Алайда, 1936 жылы Алматы қаласына партия оқуына шақыртылып, 1937 жылы «халық жауы» деген жалған жаламен түрмеге тоғытылып, 1938 жылы Қарағанды түрмесінде оққа ұшқан.

Мінеки, аталмыш кітапта жоғарыда аты аталған, елім деп етігімен су кешкен ерлердің ғұмырбаяны тұрғысындағы мақалалар, естеліктер және мұрағаттар жинақталған. Шаң басқан архивтерде көз майын тауысып, құнды деректерді жарыққа шығарып, басын топтастырған, кітапты құрастырған – Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі және кітап кейіпкерлерінің ұрпағы – Жанат Әбдуова. Ал, Жанат апамызға жол нұсқап, қолтығынан демеу білдірген – Ә.Әбдіғұлұлы.

Шара барысында кешегі зұлмат замана жайында мардымды мағлұматтар айтылып, ағайынды Жүнісовтердің жүріп өткен жолы жөнінде естелік әңгіме өрбіді. Аудандық мәслихат хатшысы Р.Әбеуов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов, жас оқырман

20 ғасырда посткеңестік кеңістікте ең көп тауқымет тартқан ел екеу болса, соның бірі, біреу болса, соның нақ өзі – Қазақстан. 1921 жылдан бастап 1954 жылдар аралығында Қазақстанда 103 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырап, оның 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілді. Бұл дегеніміз – тұтас ұлтқа жасалған қиянат әрі қастандық.



Тарихтың бауырына бұғып қалғаны, бізге беймағлұм тұстары қаншама. Бүгінгі күнді бедіздеп, келешекке көз тігу үшін де кешегі тарихымызды таразылап, жоғын жоқтап, ұпайын түгендеуіміз қажет. Бұл – кейінгі ұрпақтың ата-баба алдындағы перзенттік һәм азаматтық борышы.

Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін 1993 жылы сәуірдің 14-інде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданды. Соның нәтижесінде бір ғасыр ілгеріде жазықсыз жапа шеккен 340 мыңнан астам азамат ақталды. Өлі де болса ақталуы тиіс жандар қаншама.

Күні кеше, 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында аудан орталығында тағылымды шаралар легі болып өтті. Аудан әкімі С.Әбеуова және бөлім басшылары, қоғамдық ұйым өкілдері мен ауыл тұрғындары «Тарих тағылымы» саябағында саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. Арадағы бір минут үнсіздіктен кейін ауданымыздың наиб имамы С.Қазтайұлы қол жайып, марқұмдардың рухына құран бағыштады. Тағылымды шарадан кейін жиналған



ұйымдастырушы. 1932 жылғы адам төзгісіз аштыққа қарсы күрес жүргізіп, жоғарғы орындағы басшыларға хабарлап, шаралар қолдану жөнінде тиісті талап қойған. Осыған байланысты Алматыдан арнаулы комиссия келіп, тиісті жұмыстар жасаған. Балқаш қаласынан көлікпен балық тасуды ұйымдастырып, соның

А.Інқәрбек және кітап құрастырушысы Ж.Әбдіғұлқызы кітаптың қызыл таспасын қиып, тұсауын кесті. Кітап шарапатты шараға қатысушыларға түгелдей үлестіріліп, 20 данасы аудандық кітапхана қорына табысталды.

Е.АЙТЖАН.

КҮМӘН СЕЙЛДІ, ҮМІТ АРТТЫ

ұйым мүшелері, денсаулық, білім саласы мамандары және жергілікті тұрғындар мәжіліс депутатын жылы қарсы алды.

Кездесуді аудан әкімі С.Әбеуова ашып, А.Әлтаевқа сөз кезегін берді. Парламент Мәжілісінің депутаты сөзін қаңтар оқиғасынан бергі аралықтағы елімізде болып жатқан саяси өзгерістерді тілге тиек етіп, жиынға қатысушыларға Жаңа Қазақстан құрудағы президенттің алға қойған мақсаттары мен міндеттеріне, Конституциядағы өзгерістер мен түзетулердің артықшылық тұстарын жеке-жеке талдап, референдумның маңызына жан-жақты тоқталды. Сондай-ақ, А.Әлтаев Жаңа Қазақстанды құрып, елімізді өркендетеміз десек, тұтас халық болып, бір жағадан бас, қос жеңнен қол шығарып атсалысу керектігін қадап айтты.

Кездесу барысында ауыл тұрғындары да ұзақ жылдар бойы жауабын таппай келе жатқан әртекті мәселелерді өз тарапынан парламент депутатының алдына көлденең қойды. Мәселен, күні бүгінге дейін күрмеуі толық шешілмеген жарық пен жол, күннен-күнге шарықтап бара жатқан қымбатшылық сынды мәселелерді қозғады. Иә, ақтоғайлықтарды мазалап, түйткілі тарқатылмай жүрген өзге де мәселелер жетерлік. Ауыл тұрғындары орайы туып тұрған тұста іркілмей, көкейде жүрген ойларын орғаға тастады. Жергілікті ауруханада ота жасайтын, тіс емдейтін дәрігердің тапшылығы бар екенін айтып, базынасын білдірді. Сонымен қатар, әйел-аналардың зейнет жасын азайту, білім беру бөлімін жергілікті бюджеттен республикалық бюджетке беру, халық саны азайып, мектептері жабылып отырған ауылдарға қандастарды көшіріп әкеліп орналастыру, өндірушіден тұтынушыға тауарды делдалсыз жеткізу, ауыл мектептерінің мерзімі өткен электронды техникаларын қағазбастылыққа ұрындырмай, электронды түрде шығыстан шығарып, жаңадан жабдықтау және мал жайылымын ұйымдастыру, аспандап кеткен жем-шөптің бағасын ырықтау, құрылысқа қажетті құм мен топырақты халықтың тегін пайдалануын орайластыру, автокөлік салығын алып тастау және өзге де қордаланып жатқан проблемаларды шешуге ықпал етуді сұрап, мәжіліс депутатына үлкен жауапкершілік жүктеді. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов сыздауықша солқылдап тұрған мәселелерді қағаз бетіне түсіріп, аудан халқы атынан ҚР Парламенті Мәжілісінің атына жазылған хатын А.Әлтаевқа тапсырып, аманат арқалатты.

Ел уәжіне құлақ түрген А.Әлтаев ақтоғайлықтардың мәселесін парламент отырыстарында көтеріп, оң шешімі табылуына ықпал ететінін айтып, кездесуге келген әлеуметке алғысын білдірді.

Е.Темірхан.

Халық алдында есеп берді

Тұрғындар мен билік арасындағы байланыстың бір көрінісі – есептік кездесу. Өйткені мұнда халық өңірдің дамуы, экономикалық жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы мәліметтерден биліктің өз аузынан хабардар болады. Сондай-ақ, өздерінің ұсыныс-талаптарын ортаға салуға мүмкіндік алады.

Осындай маңызды жиын өткен бейсенбіде **Айыртас ауылында** өтті. Ауылда клуб үйінде өткен басқосуда өңір басшысы Саптанат Әбеуова ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының 2022 жылғы 4 айының қорытындылары және алда тұрған міндеттер туралы есебін берді.

тұрғындарға кенінен түсіндірсе деген талап-тілектерін ортаға салды.

Ақпан айында өткен кездесуде айыртастықтар мектепті қайта ашу, интернет мәселесін көтерген болатын. Бұл мақсатта атқарылып жатқан істер туралы ауыл әкімі Қанат Бакиров тілге тиек етті. Ауыл басшысының айтуынша, ауылдық қоғамдық кенеспен бірлесіп, арнайы қор құрылған. Бүгінгі күні қордың көмегімен ауылға интернет орнатылып, мектепті ашу мақсатында елді мекенге көпбалалы отбасыларды қоныстандыру



Келесі есеп беру кезегі **Қусақ, Абай ауылдық округтерінде** жалғасын тапты. Атқарылған істердің нәтижесіне тоқталып, алдағы жоспарлы міндеттерімен таныстырған аймақ басшысы алдымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында нақтыланған бағыттарға тоқталып, «Болашаққа бағдар:

рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында жүзеге асырылған игі шараларды сөз етті. Аудан әкімінің тоқсандық есебін тыңдаған тұрғындар бірден қанағаттанарлық деген пікірлерін жеткізді.

Аудан басшысы тұрғындар көтерген түйткілдер өз назарында екендігін айтып, көтерілген мәселе шешімін табатындығын жеткізді.



Есепті жиында ауыл тұрғындары орамды ойлары мен көкейдегі сұрақтарын іркіп қалмады. Онда ауылдағы клуб үйі арнайы құралдармен қамтамасыз етілсе, ауыл шаруашылығын дамыту мақсатындағы үкіметтік бағдарламалар жайында мамандары елді мекенге арнайы келіп,

бастамасы қолға алынған. Сонымен бірге көшіп келген отбасылар орналасатын тұрғын үйлерді жөндеу жұмыстары да қор қаражатынан жүзеге аспақ. Жалпы кездесу барысында ауыл тұрғындарының ұсыныс-тілектері тыңдалып, тиісті жауап берілді.

Осыдан бірер апта бұрын басталған аудан әкімі С.Әбеуованың аудан тұрғындарымен есептік кездесуі жалғасын тауып келеді. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың пәрменіне сәйкес, әр деңгейдегі әкімдер тоқсан сайын халық алдында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде есеп беретін болады. Бұл дегеніміз «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» алғышарты болып табылмақ.

Мамыр айының 30-ы күні аудан орталығында өңір басшысы С.Әбеуованың ауыл тұрғындарымен кездесуі өтті. Кездесу барысында С.Мірәсілқызы: – 2022 жылы «ИРКАЗ Металл

бағыттарының бірі. Үкіметтің қолдауымен ауыл шаруашылығы саласын дамыту мақсатында әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар өз жемісін беруде. Нәтижесінде өткен жылмен салыстырғанда, ет өндіру көлемі – 6,2%, сүт өндіру – 4,5%, тауық жұмыртқасы 2%-ға өскен, – деп өткен жыл мен биылғы жылдың ара-жігін салыстырмалы түрде тілге тиек ете отырып, жыл басынан бері қолға алынған жобалармен таныстырып өтті.

Сонымен қатар, былтырғы жылдың қорытынды есебінде Ақтоғай ауылында көтеріліп, аудан басшысының алдына

ЖОБА

«Ақтоғай ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы» Ақтоғай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 22 қазандағы 26 сессиясының №245 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес, Ақтоғай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ақтоғай ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы» Ақтоғай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 22 қазандағы 26 сессиясының №245 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2815 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы Р.Абеуов

ПРОЕКТ

О признании утратившим силу решения Актогайского районного маслихата от 22 октября 2014 года №245 «Об утверждении Правил проведения отдельных сходов местного сообщества Актогайского района»

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан «О правовых актах», Актогайский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Признать утратившим силу решение Актогайского районного маслихата «Об утверждении Правил проведения отдельных сходов местного сообщества Актогайского района» от 22 октября 2014 года №245 (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №2815).
2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Секретарь маслихата Р.Абеуов



Корпорациясы» ЖШС «Борль» кен орнында жалпы құны 9 млрд. болатын катодты мыс өндіретін гидрометаллургиялық зауыттың құрылысы басталып, 140 адам жұмыспен қамтылады деп жоспарланып отыр. Өткен жыл кәсіпкерлік сынды салалар үшін үлкен сынақ болды. Соған қарамастан, мемлекеттік бағдарламалар, облыс және аудан әкімінің кәсіпкерлерді қолдау гранттары арқылы шағын бизнес өкілдеріне жан-жақты қолдау көрсету жалғасуда.

Ауыл шаруашылығы – өңірді дамыту үшін аса маңызды сала және біздің экономикамыздың басым

көлднен тартылған мәселелер мен ұсыныстарға жауап берді. Мәселен, алдыңғы жүздесуде ауыл тұрғындары әлеуметтік дүкен ашылса, Ақтоғай-Балқаш, Ақтоғай-Қарағанды бағытында тұрақты түрде автобус қатынасы және мал жайылымы өз шешімін тапса деген сынайдағы уәждерін білдірген. С.Мірәсілқызы осы аталған барлық түйткілдің назарға алынып, жуық арада түйіні тарқайтынын жеткізді.

Шара барысында жоспарланған уақыттың төрттен бір бөлігі ғана әкім баяндамасына арналып, қалған уақыт «сұрақ-жауап» форматында өтті.

Е.Айтжан



Ақтоғай ауданында 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесі кең көлемде тойланды. Көңілі ақ, тілегі пәк бүлдіршіндердің мерекесіне орай аудан әкімдігінің ұйытқы болуымен орталық демалыс саябағында ауқымды іс-шара өтті.

Бар жақсылық – балаларға



Жаздың жаймашуақ алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін бұл мерекенің тарихы әріде. Дүние жүзі болып тойлап жатқан балдырғандардың мерейлі мерекесі жөніндегі шешім алғаш 1949 жылдың қараша айында Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданған көрінеді. Алғашқы балаларды қорғау күні 1950 жылы атап өтілсе, БҰА аталған бастаманы дер кезінде қолдап, балалардың өмірін, құқығын, денсаулығын қорғауды өз қызметінің басты бағыттарының біріне айналдырды. Әлем назарын бүлдіршіндердің құқығын, өмірі мен денсаулығын қорғауға аударту мақсатын көздейтін халықаралық мерекенің маңызы зор. Жылда кең көлемде тойланатын балалар күні биыл да



өз деңгейінде ұйымдастырылды. Орталық демалыс саябағында өткен шараға аудан әкімі Салтанат Әбеуова қатысып, ата-аналар мен бүлдіршіндерді мерекелем құттықтады. – Сіздер әрдайым мемлекет пен Президенттің қамқорлығындасыздар. Сіздердің жақсы білім алып, өмірден өз жолдарыңды табуларыңыз үшін мемлекет тарапынан барлық

жағдай жасалуда. Мектептер мен балабақшалар салынып жатыр. Бала – өмірдің мәні, біздің басты байлығымыз. Өмірде сәбидің күлкісінен, баланың бал тілінен, баянды болашағынан қымбат ешнәрсе жоқ. Даңқты батыр Бауыржан Момышұлының: «Дүниеде баланың у-шуына жетер не бар?! Одан асқан сазды әуен ойлап табу мүмкін емес» – дегені есімізде. Балалы үйді

базарға теңеген бабалардың сөзі де санамызда, – деп аудан басшысы ақжарма тілегін жолдады.

Мұнан соң шара мәдени-бос уақыт өткізу орталығының «Бар жақсылық – балаларға» атты концертімен өрілді. Сондай-ақ, «Аққыз» балабақшасында тәрбиеленуші бүлдіршіндер, К.Байсейітова, Ә.Бөкейхан атындағы орта мектептердің өнерлі оқушылары ән-жырдан шашу шашты. Сахна төріне шыққан жас бүлдіршіндердің әсем әуендері, күмбірлеген күйлері көрерменге тамаша бір көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Әрмен қарай аудандық балалар кітапханасының ұжымы мерекеге арнайы дайындаған ойындар, сөзжұмбақтар мен жұмбақ ұсынып, жауабын дұрыс шешкен балғын бөбектерге сыйсияпаттарын ұсынды. Сонымен қатар, суретші бүлдіршіндердің асфальтқа сурет салу байқауы өткізілді.

Думан ҚАБЫЛ.

Жаңа Қазақстанның жарқын болашағы – жас ұрпақ



«Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі, олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әр шаңырақтың шадыман-шаттығы баланың бақытымен баянды. Кемел елдің іргетасы, ұлттығының асыл ұйытқысы жас ұрпақ тәрбиесімен өлшенбек. Тәуелсіз еліміздің биылғы жыл бастауы «Балалар жылы» болып белгіленді. Бұл үндеудің астарында ұлт болып ұйысу, ұрпақ тәрбиесін қоғамнан тыс қалдырмау мәселелері қамтылған сынды. 1-маусым – Балаларды қорғау күніне орай Тораңғалық ауылдық округінің мәдениет үйінде 7 және 12 жас аралығында «Әнші балапан» байқауы ұйымдастырылды.

Кейінгі жылдары мәдениет үйі мен мектеп жанынан ауыл жастарының ұйымдастыруымен спорттың күрес түрінен және өнерлі балаларды ән-күйге баулу мақсатында үйірмелер ұйымдастырылып, жас бүлдіршіндеріміз үлкен қызығушылық танытуда. Сол еңбектердің нәтижелі жеміс беріп жатқанын бүгінгі бүлдіршіндер арасындағы ән бәсекесінде байқадық. «Әнші балапан» байқауына 18 оқушы қатысты. Балаға тән нәзіктікті бойларына жинаған әнші балапандарымыз бірін-бірі өтеді. Сахнада жүру, ән әуенін тиімді пайдалану сияқты сындардан сүрінбей өтуге талпынған талпыныстары көрермендерін мейлінше тәнті етті.

Байқау соңында З.Жабайыр I орынға табан тіресе, дуэт болып шыққан қос қызымыз Д.Ерболқызы мен Ү.Әріп II орынға ие болып, III орынға Ж.Бірлес лайық деп табылды. Жеңімпаз бүлдіршіндерге грамота және арнайы сыйлықтар табысталды. Байқауға қатысқан 18 оқушыға Ақтоғай, Балқаш өңіріне танымал кәсіпкер, «Нұрасыл» фирмасының жетекшісі А.Төребеков демеушілік етті. Балаларды қорғау күнінде өткен шараға демеушілік жасап, мәрттік танытқан жеке кәсіпкерлер Г.Түйтебаева мен А.Төребековке Тораңғалық ауылының тұрғындары дән риза.

Б.Ештанасева,

«Ақтоғай аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» Тораңғалық мобилді ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

«Жас ханзадалар» жарысы

түрлі шаралар айқын әдет-ғұрыпымызды сіңіру. кезеңдерінде бақ сынады. Мәселен, күні кеше Қатысушы балалар өзін- Ұзақты күнге созылған

ауданымыздың оңтүстік өңіріне қоныстанған Шашубай кентінде «Балалар жылы» негізінде 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай «Ханзада-2022» байқауы өтті. Мәдениет үйінде ұйымдастырылған шарада кент тұрғындары мен ұстаздар қауымы төбе көрсетті. Негізгі мақсат – жас ұрпақтың бойына ата дәстүрімізді,



өзі таныстыру, жеті атасын тарату, өз өнерін паш ету, сұраққа жауап және спорттық жарыста балалардың барлығы да жоғары дәрежеде өнер көрсетті. Бірі нақышына

келтіріп өлең жолдарын оқыса, енді бірі әуелетіп ән шырқады.

Осылайша байқау өз мәресіне жетіп, жеңімпаздар анықталды. Елмұрат Нұрасыл «Алғыр ханзада» номинациясымен, сондай-ақ, Дамият Нұрасыл «Жігерлі ханзада», Төңірберген Бағжан «Өнерлі ханзада», Нұрпейіс Танай «Ынталы ханзада» аталымы бойынша үздік деп танылды. Жеңімпаз балалардың сыйлығын мәдениет үйі тағайындаса, өзге қатысушылардың жігерін жанып, ынталандыру үшін кенттік Аналар кеңесі және «Үміт үйі» қоғамдық қорының жетекшісі Жанғабыл Күлекешев спорттық киімдер мен аяқкиімдер тарту етті. Сонымен қатар, байқауда бақ сынаған барлық балаға алғыс хаттар үлестірілді.

Өз тілшімізден.

Еңбек адамы



Қызыларай Қызғалдағы

Халқымыз «Мен қазақ қыздарына қайран қалам...» деп бекер таңқалмаса керек. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен қазақтың қыз-келіншектері өндірісте де, өнеркәсіпте де ер-азаматтармен қатар еңбек етіп келеді. Тіптен өз саласының үздігі болып танылған нәзік жандар баршылық. Солардың бірі – геология саласының майталманы Гүлімшат Шәкірова. Қызыларайдан қанаттанған Гүлімшат аталмыш салада 30 жылдан астам жемісті еңбек етіп келеді.

Еліміздің экономикасына қан жүгіртіп тұрған күретамырдың бірі – Қазақстанның қазба байлықтары. Жер қойнауындағы қазынаның мемлекет пен халықтың игілігіне қызмет етуі Қаныш Сәтбаев сынды ғұламалардың табиғи таланты мен табанды еңбегінің жемісі мен жеңісі. Ел игілігі үшін аянбай еңбек етіп жүрген Гүлімшат Сағыбалдықзының бұл саланы меңгеруі заңдылық. Арканың ең биік нүктесі Ақсораңға бой созып, маңайына сан мың әулие қонақтаған Қызыларайдың тұмса табиғаты төл перзентін геология саласына жетектеген шығар, бөлкім.

Гүлімшат осыдан 50 жыл бұрын 31 мамыр күні өмірге келді. Мектеп табалдырығын 1979 жылы аттап, оқуын ойдағыдай 1989 жылы аяқтап шығады. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ қоғамдық шаралардан қалыс қалмапты. Жезқазған қаласындағы педагогикалық институты жанындағы «Болашақ» педагог курсына қатысып, белсенді оқушылардың бірі хәм бірегейі болды. Әрине, жастайынан талапшыл болмаса, қысы-жазы дала кезіп, кен іздеу келер ме еді қолынан?!


Балдырған шағы Ақсораңның бауырында өткен Гүлімшатты ақеділ арманы жетелеп, Алматыдағы Қазақ политехникалық институтына геология мамандығы бойынша оқуға түсті. Болашақта кен барлау үшін ол алдымен өз саласы бойынша білімін тереңдету керек болды. Мұны жақсы түйсінген қызыларайлық қаршадай қыз осы бағытта аянып қалмады.

«Тегінде бар, тек жатпас» деген бабаларымыз. Гүлекеңнің үлкен әкелері, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты, профессор Сыздық Бәкіровтің ізбасары. Демек, ата жолын жалғап тұр. Сондықтан да болар, студент кезінде жоғары стипендиямен оқып, ғылыми конференцияларға жиі қатысып, туған жері Қызыларай тауларын ғылыми мақаласына арқау етіп жүрді.

1994 жылы Қазақ ұлттық техникалық университетін жақсы аяқтап, өзі оқыған факультетке жас маман ретінде қалды. Жастайынан жанып тұрған балаға кімнің көзі түспейді, кім үміг артпайды? Сол кезде геология мамандығына қазақша оқу-әдістемелік құралдар дайындауға қатысты. 30-дан аса ғылыми мақалалар

мен оқу құралы, әдістемелік нұсқаулардың авторы бүгінде. Геологиялық барлау факультетінің оқу-тәрбие жө-

дан 2018 жылға дейін Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде болашақ геологтарды түлетеді.



ніндегі декан орынбасары, Ғылыми-әдістемелік кеңестің ғылыми хатшысы қызметтерін абыроймен атқарды. Сырттай аспирантурада оқыды, техника ғылымдарының магистрі атанды.

Ғылыми еңбектері ерекше бағаланып, академик, геолог Қаныш Сәтбаев атындағы бірнеше сыйлықпен марапатталса, шәкірттері ғылыми конференцияларда жетістіктерге жетіп жүр. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде география мамандарына «Геология», «Картография» пәндерінен дәріс оқып, оқу құралын, оқу-әдістемелік нұсқауларын дайындап берді. 2002 жылы Қазақстан-Британ техникалық университеті ашылуында геология кабинетін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Білім және ғылым министрі Шәмша Беркімбаеваға қазба байлықтарын таныстырады. Бұл да жауапты іс еді. Екінші біріннің мойнына жүктейтін жауапкершілік емес. 1994 жыл-

Үзбей қызмет атқарады. Алматы маңы және Қаратау тауларында далалық-геологиялық түсіру практикаларына студенттерді апарып, таныстырып жүрді. Былайша айтқанда, мықты деген геологтардың ұлағатты ұстазы.

2018 жылдан бастап «Қазгеология» АҚ ұлттық компаниясында геолог болып қызмет жасап келеді. Компанияда өндірістегі түрлі жобалардың есептерін дайындауға қатысып, далалық-геологиялық маршруттарда жүріп, геологиялық карта, қималар сызып, соны жобалардың жарық көруіне елеулі үлес қосып жүр.

Қысқасы, геология саласына жан-тәнімен беріліп, дамуына зор үлес қосып келе жатқан осындай майталман мамандарды мақтан тұтамыз. Еліміз көптеген пайдалы қазбаларды өндіруде әлемнің нарықтағы жетекші елдерінің бірі болып отырғаны да осындай ерен еңбек иелерінің арқасы.

Г.ЕЛЕУСІЗОВА.

Жемқорлық – жегі құрт

Қазынашылық – ел экономикасының дамуына тікелей әсер ететін, мемлекеттік қаржыны тиімді және орнықты басқаруға жауап беретін сала. Бұл қызмет бастапқыда әрбір басқару саласындағы кірістер мен шығыстардың ашықтығы мен бақылауын қамтамасыз ету үшін құрылған. Өйткені, барлық мемлекеттік органды қажетті ақшалай қаражатпен қамтамасыз ету – маңызды іс. Ол үшін бухгалтерлік есеп, кірістер мен шығыстардың бірыңғай бюджеттік сыныптама-сы секілді есеп-қисаптың бәрі қазынашылық нормалар мен стандарттарға сай болуға тиіс.

Қазынашылық басқармасы кірістер мен шығыстар бойынша бюджетті қасалық атқару жұмыстарын іске асыра отырып, бюджет құралдарын мақсатты пайдалану үшін ақша ағынының қозғалысын оңтайландырады, бюджеттік құралдарды үйлестіруді және оларды тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді, бюджеттік заңнаманы әзірлеуге қатысады және оның орындалуын бақылайды.

Мемлекеттік қазынашылық – мемлекеттік бюджет саясатының

Басты мақсат – қоғам дертінен арылу

және бюджет саласындағы реформалар кешенінің негізгі бөлігі. Бұл сала қаржы ресурстарын заңға сәйкес үздіксіз, құзырлы басқаруды қамтамасыз етеді. Сол себепті қазынашылық жүйесінің функционалдық қызметі үнемі жетілдіріліп, қазынашылық технологияларды стандарттау және оңтайландыру шаралары тұрақты жүргізіліп отырады.

Қазынашылық жүйесінің негізгі мәні – мемлекеттік мекемелердің қашықтан бюджетті атқару және осыған қатысты қандай да бір операцияларды өткізу бойынша есептерді жасауында. Бұл қызмет автоматтандырылған режимде жүргізіледі, яғни, қазынашылық жүйені пайдаланушыдан құжаттарды қабылдау-тапсыру, толтыру және бақылау мемлекеттік орган қызметкерлерінің қатысуынсыз жүргізіледі. Сонымен қатар, қазынашылық қызметкерлері арасында өңделген құжаттарды тарату да автоматтандырылған. Бұл бір жағынан құжаттарды өңдеу процесін жеңілдетсе, екінші жағынан жемқорлықты болдырмауға септігін тигізеді. Сондықтан, Қазынашылықтың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі үнемі жетілдіріліп келеді.

«Жемқорлық қоғам өмірінде, әсіресе, моральдық-этикалық ахуалға әсер ететіндіктен, оны барынша қабылдауға келмейтін жағдайлар тудыру қажет» деген келелі міндеттерді ескере келе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес басты басымдық ретінде Қазынашылық жұмысында ерекше көрініс табады. Соның дәлелі ретінде мемлекеттік мекемелердегі қаржылық құжаттарға адами факторды барынша араластырмауға мүмкіндік беретін электронды құжатайналым – «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесін атап өтуге болады.

Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі. Атап айтқанда, құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы іс-әрекет туралы заңнамаларды түсіндіру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу іс-шаралары тақырыбында дәрістер мен семинарлар өткізіледі. Аталған іс-шаралар жалпы атқарылған жұмыстың азғантай бөлігі ғана.

Жыл сайын қазынашылық органдары арқылы қаржылық құжаттардың орасан зор ағыны, яғни, нақтылай ақшалай қаражаттың «көшкіні» өтетіндігін ескерсек, бюджеттің нысаналы әрі тиімді қолданылуын бақылауды басты назарда ұстау, ел қаражатын шашу шығармау қазынашылық қызметкерлерінің ел экономикасына қосқан сүбелі үлесі деп білеміз.

Елдің дамуы әрбір азаматтың қажырлы еңбегіне, отан-сүйгіштігіне көп байланысты. Отанының өркендеуі үшін қазынашыларымыз да барын салып, адал еңбек етіп келеді. Олар – халық мүддесі үшін қызмет ететін, ел болашағын бәрінен биік қоятын білікті де кәсіби мамандар. Әріптестеріміздің Қазақстанның гүлденіп, көркеюі үшін қалтқысыз еңбек етіп, әлі талай шыңдар мен межелерден көрінетіні сөзсіз.

Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасы жемқорлықтың алдын алу мен оның көріністерімен күресуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіпті күшейтуге және өз қызметінде тәртіпті нығайту жолында әлі талай жұмыс атқаратынына сенеміз.

Э.Қаппарова,
Аудандық қазынашылық басқармасының бас маманы-бас қазынашысы.

Турнир байрағы желбіреді

Жетпісінші жылдары Ақтоғайда волейбол қатты дамып, атағы алысқа жайылған. Еңбек ұжымдары арасында өткен одақтық біріншілікте Ахат Қнашин бастаған, құрамында Сағдат Бишаев, Мұрат Сейсепов, Мейрам Есеев, Жетпіс Хамиев, Сағат Дүйсекин болған Ақтоғайдың волейбол командасы

«Ақтоғай ажары») де өзіндік үлесі зор болғаны белгілі. Жетпісінші жылдары байрағы көтерілген біріншілік күні бүгінге дейін жалғасып, дәстүрін үзген емес.

28 мамыр күні аталмыш турнир жалауын 49-шы рет желбіретті. Турнирді кіріспе сөзбен «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Т.Таукеев ашты.

Одан соң Ақтоғай ауданында тоспа доптың дамуына сүбелі үлес қосып жүрген белгілі кәсіпкер, меценат С.Қасымбеков

сәттілік тіледі.

Аудан айнасы атындағы тоспа доп турнирінде кілең «сен тұр, мен атайын» деген сайдың тасындай 8 команда өзара сайысқа түсіп, біріншілік кубогін сарапқа салды. Ауданымыздағы волейбол ойыны кең өріс алған Шабанбай би, Нүркен, Ақтоғай, Қасабай, Ақсораң командасы және Балқаш қалалық «Жібек жолы» командалары шаршы алаңда тартысты.

Ертеңнен кешке ұласқан тоспа доп сайысы өте қызу тартысты өтті. Шеберлігі асқан, айласы мен күші басым деген командалар өз-өзінен іріктеліп жатты. Сөйтіп, жарыс

Турнирдің қорытындысы бойынша аудандық деңгейде шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы А.Шәкірбаев, аудандық «Ақтоғай ажары» газетінің редакторы Г.Елүсізова жүлделі орындарды иеленген команда мүшелеріне медаль тапсырды. Сонымен қоса, жарыс жеңімпаздарына бірінші орынға – 70 мың, екінші орынға – 60 мың, үшінші орынға 50 мың теңге ақшалай сыйлық табыстады. Сондай-ақ, турнирде «Үздік ойыншы» А.Руслан, «Үздік шабуылшы» Әлихан Бәділов, «Үздік ұйымдастырушы» Данияр Хасен атанып,



үздік ондыққа іліккенін бүгінгі спорт жанкүйерінің бірі билсе, бірі биле бермеуі әбден мүмкін. Ақ одақтық додаға дейін Ақтоғай волейболшылары облыстық, республикалық іріктеу турнирлерін жеңіп алғаны айтпасақ та, түсінікті.

Ақтоғай волейболшының өрге басуына, сондай-ақ, сол тұстағы «Арқа еңбеккері» газеті атындағы турнирдің (қазіргі

сөз алып: –Қазақ елінің ең басты байлығы – халықтың денсаулығы. Президентіміздің алға қойған міндеттерінің бірі – салауатты өмір салтын қалыптастыру, әрбір қазақстандық, оның ішінде жастар осындай жарыстарға қатысу арқылы өзінің денсаулықтарын шындап, шынықтыру қажет, – деп спортшыларды мерекемен құттықтап, жарысқа қатысушыларға

қорытындысы бойынша осы сындағы ала допты алақанында ойнатқан қызу тартыста өзінің шыңдалған шеберліктері арқасында Қасабай ауылының тоспа допшылары үздік шығып, жеңіс тұғырына көтерілді. Жүлделі екінші, үшінші орындарды Ақсораң ауылының командасы және Нүркен командалары өзара бөлісті.

ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Осылайша, аудандық деңгейде басталып, аясын кенітіп, облыстық дәрежеге жеткен «Ақтоғай ажары» газетінің 49-шы турнирі мәресіне жетті.



Думан ҚАБЫЛ.



Алаш идеясы – ел идеологиясының темірқазығы

өңірінің көп ғасырлық мәдени-тарихи мұрасын дамытуға және тарихымызға деген жағымды көзқарасты қалыптастыруға

Іс-шара қонақтары 30 мамыр күні Қарағанды қаласындағы ғалым және мемлекет қайраткері Әлімхан Ермековтің

31 мамыр күні Ақтоғай ауданына жолға шығып, үш арыс туған топыраққа табан тигізді. Әлихан Бөкейханның ата-бабасы жерленген Талдыбейіт қорымында болып, тарихи мекендерді аралады. Әрі қарай, ұлт көшбасшысының кіндік қаны тамған, Нұрмұхамед сұлтанның жаз қоныс жайлауы, ықтаса қыстағы Желтаудың күйкалы қыртысы Жекежалға барып, 1939 жылға дейін Әлихан аштырған бастауыш мектептің орнын көрді. «Арқа арыстары» пресс-турге қатысушы жастар тау етегіндегі Алаш идеясы алғаш қағазға түскен Әлекеннің қасиетті Қаратасына отырып көріп, өз сезімдерімен бөлісті.

31-мамырда Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкімдігінің қолдауымен республикалық «Арқа арыстары» пресс-тур ұйымдастырды. Атаулы күні тағылымды шараның өтуіне Алаш арыстары мен ашаршылық туралы жобалардың жетекшісі Бекзат Болатұлы мен Aduma.kz ақпараттық агенттігінің тілшісі Зарина Әшірбек ұйытқы болды. Шара аясында еліміздің түкпір-түкпірінен алашшыл, отаншыл жас журналистер Арқа төсінде бас қосып, бабаларының рухына тағзым етті.

«Пресс-турдың мақсаты – азаттық жолында құрбан болған тұлғаларды еске алып, рухына тағзым ету. Жас журналистерді этно-мәдени мұра шеңберінде ағартушылыққа баулып, тарихи өткенімен танысуына жағдай жасау. Ішкі туризм ошақтарының рухани даму жағдайларын қалыптастырып, маркетинг пен брендінгі интеграциялау. Қарағанды



БАҚ өкілдерін тікелей тарту. Сол арқылы жастарды отансүйгіштікке, мемлекетшілдікке тәрбиелеу», – дейді турды ұйымдастырушылар.

зиратына барып, зиярат етті. Сондай-ақ, ҚарЛаг мұражайында болып, тарихи деректермен кеңінен танысуға мүмкіндік алды.

Ақтоғай жеріне келген алашшыл жастарға өлкетанушы Тұңғышбай Мұқан тарихи орындарды таныстырып, ұлт зиялылары жайында бірін-бірі асқан көне уақыттың сырларын ақтарды.

– Әлихан Нұрмұхамедұлы – ел еркіндігі үшін күрес жолында мәңгі өлмейтін із қалдырған, бар ғұмырын қазақ халқының ұлттық саяси бостандығы мен дербестігіне арнаған ұлы тұлға. Алаш ынтымағының, ұлылығы мен қуаттылығының дінгегі, – дейді Т.Мұқан.

Думан Аманкелдіұлы.



ЖАЗУШЫНЫҢ ЖЕТІ ТОМДЫҒЫ

Елорданың Ұлттық академиялық кітапханасында аталмыш руханият ордасы және Жазушылар одағының Нұр-Сұлтан қалалық филиалының қолдауымен жазушы-публицист, аудармашы, марқұм Марал Хасеннің жеті томдық таңдамалы еңбектерінің таныстырылымы мен «Қаламгер мұрасы» атты кітап көрмесі өтті. Жеті томдықты жазушының жары Рымбала Смайылова құрастырды.

Марал Хасен өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бері түрлі басылымдарда еңбектенді. Өмірінің қырық жылын журналистикаға арнады. Еңбек жолын аудандық «Жаңаарқа» және «Новая степь» газеттерінен бастап, облыстық «Жезқазған туы», «Орталық Қазақстан» басылымдарында айқын қолтаңбасын қалдырды. Аудандық «Ақдыр таңы» және «Акадырская новь» газеттерінің ұйымдастырушысы, алғашқы бас редакторы болды.

Бір ерекше атап өтерлігі, қаламгер тілі өткір көсемсөзші, сауатты саяси шолушы еді. Бірінші томына да өзі еңбектенген басылымдар беттерінде кезінде жарық көрген публицистикалық және түрлі жанрдағы еңбектері енді. Мәселен, 1991 жылдың тамызында Кеңес Одағының күйреуіне әкелген төңкерістің бұрқ ете қалғаны тарихтан белгілі. Бұл туралы «Орталық Қазақстан» газетінің сол кездегі бас редакторы Нұрмахан Оразбектің «Иә, бұл – төңкеріс» деген әйгілі мақаласы да бар. Ал, оның бірінші орынбасары Марал Хасен «Жарық күнде жай түскендей болды» деп жазып, оған үн қосқан еді.

Марал Хасеннің қаламынан «Масанов маса шаққан құрлы көретін емес...», «Ельцин сонда сөйледі, сөйлегенде бүй деді», «Демирель неге ренжіді?», «Буырқанған Буш аптығын басқан ба?», «Болсайшы бәрі Ельциндей елбасының» деген тақырыптарының өзі оқырманды тартатын мақалалар туды.

Ал, кейбір мақалалары күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ. Атап айтқанда, «Қос қанаттың бірі бәсең қаққандай» атты материалында автор Қарағанды облысы Нұра ауданындағы қазақ мектептерінің проблемасын толғай келе, қостілділік мәселесін қозғайды.

Журналистердің мәртебесі әлі айқындалмады. Сол себептен оларға әлеуметтік жеңілдіктерге қол жеткізу қиын тиюде. Әсіресе, осы күндері шығып жатқан мемлекеттік бағдарламалар арқылы баспанаға ие бола алмай жүрген талай журналистің зары жоғарыға жетпей жатыр. Осыдан жиырма жыл бұрын «Азия Транзит» журналында жарық көрген «Уайым – қазақ баспасөзінің қалжау халі» атты мақаласында Марал Хасен осы проблемаларды қозғаған еді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары басты мақсатымыз мемлекетімізді қалыптастыру болғаны баршаға белгілі. Алайда, сол уақыттан бері талай шаруамыз жолға қойылмай, әлі де шатқаяқтап тұр. Марал Хасеннің мақалаларынан азат елдің мақсат-мұраттары, мүдделері мен армандары анық көрінеді.

Очерк – осы күнгі журналистикадағы жоғалған жанрдың бірі. Марал Хасен осы жанрда да біраз қалам тербеген. Бұл мақалалары тілінің шұрайлылығымен, көркем бейнелілігімен оқырмандарды тарта түседі.

Қаламгердің Болгария, Франция, Израильге барған сапарларынан жазылған жолжазбалары да қызықты оқылады. Осы мақалаларды оқып, бұл мемлекеттер туралы талай нәрсені білуге болады.

Сұхбаттарына келсек, «екінші ұстаз» атанған Әбу Насыр әл-Фарабиді қазаққа танытқан Ақжан Машанимен әңгімесінің құны осы күндері де өте жоғары. Сондай-ақ, Алаш алыптарының сарқытындай болған Жайық Бектұровпен сұхбатының негізінде жазған «Тозақтан да қасқайып

тұрып тік өткен» мақаласының танымдық сипаты да терең.

Қаламгердің қазір көбісінің көзіне байқалмай, айтылмай жүрген қыры – жазушылығы. Иә, журналистиканың қара жұмысына жегілмегенде, публицистикаға көп уақытын арнамай, прозаға түбегейлі бет бұрғанында, қазір аты белгілі жазушылардың қатарында аталып жүрер ме еді?! Ертеден, жиырма жастың о жақ, бұ жағынан әдебиетке құштар болып, талпыныс жасады. 1966 жылы жазылған «Шілдехана», «Шыршаның шығалаңы», «Ортақол қазақ» сынды әңгімелері анау-мынау әдеби шығармалардан еш кем түспейді.

Сатира да – әдебиеттің бір жанры. Осыдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын «Ара» журналы ұйымдастырған бәйгеден Марал Хасеннің «Қисса әл қазағия» атты әңгімесі озып шықты. Сол кезде сатира сардары Оспанхан Әубәкіровтің батасын алған.

Марал Хасен өмірінің кейінгі жылдары әдеби аудармамен айналысты. Жиырмаға тарта Нобель сыйлығының лауреаттарының шығармаларын, оның сыртында әлемге әйгілі қаламгерлердің туындыларын қазақшалады. Осының бәрін жеті томдығынан оқуға болады.

Қаламгер қазақ және орыс тілдеріне жүйрік еді. Орысшадан қазақшаға, қазақшадан орысшаға шебер аударатын еді. Жеті томдығы соған көз жеткізеді. Оның жарық көруіне жары Рымбала Смайылованың еңбегі зор. Соның бәрін жинақтап, көз майын тауыса компьютерге теріп, оқырмандарға ұсынды. Жалпы, қаламгердің өмірден озғанына алты жылға жуықтаса, содан бері мұрасының жаңғырып, насихатталуына жарының үлесі мол. Рымбала апай Ұлттық академиялық кітапхана ішінен Марал Хасен шығармашылығына арналған бұрыштың ашылуына да мұрындық болды.

Жазушылар одағының хатшысы, осы ұйымның Нұр-Сұлтан қалалық филиалының директоры, ақын Дәулеткерей Кәпұлы жүргізген жеті томдықтың таныстырылымында белгілі ғалым, жазушы, филология ғылымдарының докторы Тұрсын Жұртбай қаламгер жарының еңбегін атап өтіп, кітапты қадірлеу төңірегінде ойын өрбітті. Марал Хасеннің шәкірті, ардагер журналист, Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалы төрағасының орынбасары Әли Тойжігітов ұстазының жарқын бейнесін еске алып, аталмыш филиал атынан жарына сый-сияпат жасады. Заңгер-ғалым Болат Сыздық, медиамаман Мейрамхан Жәпек, қаламгердің достары, «Орталық Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, ақын Жәлел Шалқар қаламгердің еңбегі туралы әңгімеледі. Қарағанды облысының Тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың бөлім басшысы Әсет Аманжолов аталмыш басқарма атынан құрмет көрсетті.

Марал Хасеннің бір қыры әншілігі еді. Қаламгердің бауыры, Қазақ ұлттық өнер университетінің оқытушысы Сырым Мұхамеджанов ағасы сүйіп шырқаған «Ақылбайдың әнін» салды. Жазушының немересі Айя Марал атасы жақсы көрген «Япурай» әнін гитарамен шертіп, жиналғандарды тәнті етті. Қарағандыдан қаламгердің жарының шашбауын көтеріп, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан ұйымдастырылған «Ақ ниет» ансамблінің жетекшісі Күліш Төлеуханқызы С.Сейфуллиннің «Ақ-қудың айырылуы» поэмасынан Рымбала апайға арнап үзінді оқып, Рымбала апайға арнады. Ал, ансамбль мүшелері әнмен шашу шашты. Таныстырылымды Рымбала Смайылова түйіндеп, жиналғандарға алғыс айтты.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ.



«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының жұмысы еліміздің барлық өңірінде басталды.

орналастырылды.

Биылғы жылы да Қазақстан бойынша 30 мыңнан астам жас жұмысқа тартылды.

Ауданымыз да аталмыш бағдарламадан қалыс қалған емес.

Биыл да «Жасыл ел» жасақтары бағдарламасы аясында 9 сарбаз маусымдық жұмыспен қамтылып

«Жасыл ел»

жасақтары атқа қонды

Маусымның ашылуы аясында экология саласындағы жетекші сарапшылардан пікірталас, семинар-практикумдар, білім беру сессиялары мен мастер-кластар түрінде тақырыптық алаңдар өтті. «Жасыл ел» жасақтарының қызметіне 16-29 жас аралығындағы жастар қатыса алады. Айта кетейік, 2021 жылы жасаққа 30 000-нан астам жастар жұмысқа

отыр. «Жасыл ел» еңбек жасақтары ауданға қарасты Ақтоғай ауылы мен Сарышаған, Шашубай кенттері көлемінде абаттандыру, тазалық, жасыл желектерді күтіп ұстау жұмыстарын ұйымдастырып, үнемі назарда ұстап отырады. Өз кезегінде жас сарбаздар туған жердің, ауылдың көркеюіне мейлінше үлес қосатындарын жеткізді.

Е.Айтжан.

Құттықтаймыз!



Құрметті де қадірлі, жүрегі жайсаң, жаны ізгі құдағиымыз **Шолпан Мырзаханқызы!**

Арайлы да асқаралы 60 жасқа толған мерей-тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбегіңізді айтсақ, ҚР Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесіңіз ұшан-теңіз. Осы қадір-қасиетіңізбен асқақтаған абыройыңыз аласармай, құда-жекжат, дос-жаран, туған-туыстар арасында сый-құрметке бөлініп жүре беріңіз. Ең бастысы, Талғат құда екеуіңіз үлгілі ұл-қыздар тәрбиелеп өсіріңіздер. Болашақта біріңіз ақсақалды ата, біріңіз ақсаулықты әже болып, нәмереден шөбере, шөпшек сүйіп, 100 жасқа жетіп, әдемі қартайыңыздар.

Күн жалдырап, жүзіңізге ай күліп, Келіп қапсыз 60 жасқа сән құрып. Қалпыңыздан айнымаңыз, құдағи, Басыңыздан бақ кетпесін мәңгілік.

Ақ жарылған ақ тілекпен: құда-құдағиларыңыз – Ақылбек-Рыстай, Маралбай-Назира.

Түзету

Газетіміздің өткен 27 мамыр №21 (7858) санындағы «Ақ жол саған, жас түлек!» атты мақаладағы «Соңғы қоңырау соғу салтанатына 11-сынып бітіруші түлектер Санжар Бекет пен Айжан Амандық ие болды» деген сөйлем «Соңғы қоңырау соғу салтанатына 11-сынып бітіруші түлектер Сағатбек Серікбек пен Есім Әмина ие болды» деп түзетіліп оқылсын.

Қате Ә.Бөкейхан атындағы мектеп әкімшілігінің тарапынан жіберілген.



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА**

Директор-Бас редактор: **Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы **Думан ҚАБЫЛ**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39